



XҒТАР 04.41.21
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/3080-1702-2025-153-4-124-141>

АУЫЛДАН ҚАЛАҒА ҚОНЫС АУДАРҒАН КЕДЕЙ МИГРАНТ ОТБАСЫЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Ж.Б. Болат*^{ID}

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: *bolat.zhansaya@list.ru,)

Аңдатпа. Ауылдық жерлерден қалаға көшу тенденциясының деңгейі жылдан жылға қарқынды көрсеткішке ие болуда. Елімізде ауылдан қалаға қоныс аударатын отбасыларды қолдаудың әлеуметтік саясаты жоқ. Зерттеудің мақсаты – ауылдан қалаға қоныс аударған кедей мигрант отбасылардың қала жағдайында кездесетін мәселелері және осы мәселелермен күресу, жеңу, бейімделу тәжірибесін анықтау. Зерттеудің әдісі – тереңдетілген сұқбат. Сұқбатқа 13 кедей отбасы (8 нуклеарлы отбасы, 5 кеңейтілген отбасы, оның ішінде 3 моноотбасы) қатысты. Зерттеудің нәтижелеріне сәйкес ауылдан қалаға қоныс аударған кедей мигрант отбасылар әлеуметтік қолдаулар мен көмектерді алуда бейресми желілердің (туыстар, достар, жұмыс беруші, пәтер иесі, таныстар) көмегіне жүгінетіндіктері анықталды. Мигрант отбасылардың қала жағдайында ресми желілердің көмектерін алудан қашуына негізгі себептері ақпараттандырылмау және сенімсіздік екендігі анықталды. Сонымен қатар мигрант отбасылардың қала жағдайында жергілікті тұрғындар тарапынан стигматизацияға ұшырау тәжірибесі нақтыланды. Бұл отбасылардың басым көпшілігінің қаржылық қиыншылықтың ықпалынан тұрмыстық қолайсыздықтар мен тұрақсыздық жағдайында өмір сүруі дәлелденді. Сондықтан мигрант отбасылардың табысты интеграциялануы мен әлеуметтік қолдауларға ие болуы үшін ішкі көші-қонды басқару мен реттеудің заңдастырылған жүйесі еліміз үшін қажет.

Негізгі ұғымдар: ауыл-қала көші-қоны, кедей мигрант отбасы, әлеуметтік қолдау.

Кіріспе

Қазақстанда ауылдан қалаға қоныс аударған мигранттардың саны жыл сайын арту үстінде. Сарсембаева (2021) тұжырымдауы бойынша Қазақстанға ауылдан келетін қуатты көші-қон тән. 2014 жылдан 2024 жылға дейін ішкі көші-қон нәтижесінде Алматы облысының халқы 14,7%, Түркістан облысының халқы 27%, Астана қаласының халқы 12,47% және Алматы қаласының халқы 18,10% өсті (Ұлттық статистика бюросы). Амерханова (2019) анықтауы бойынша Қазақстанда реттелмейтін және қарлы кесек сияқты өсетін

124 Түсті: 30.03.2025; Жөнделді: 18.07.2025; Мақұлданды: 30.11.2025; Онлайн қолжетімді: 25.12.2025

*хат-хабар авторы

ішкі көші-қон басым болып табылады. Ауылдан қалаға халықтың қоныс аударуына итермелейтін факторлар ауылдық жерлердегі әлеуметтік және инфрақұрылымдық орта мен ресурстардың жеткіліксіздігі. Амерханова (2019) қорытындылауы бойынша ішкі көші-қонның негізгі себептері – өмір сүру деңгейін жоғарылату, жұмыс іздеу және өмір салтын өзгерту. Кусманова (2021) анықтауы бойынша ішкі көшіп – қонушыларды тарту орталықтары Астана және Алматы қалалары болып қала береді. Khanam және оның әріптестерінің зерттеу қорытындысына сәйкес ірі қалаларда мигранттар тиімді жұмыс мүмкіндіктері, жоғарғы жалақы және жақсы өмір сүру шарттарын іздейді (Khanam et al., 2024 p.11). «Мигранттар – біздің елдің азаматтары, жақсы жаққа ұмтылатын адамдар, олар жаңа жерге бейімделуге және жетістікке жетуге талпынады» (Амерханова, 2019, с.13). Сарсембаева (2021) тұжырымдауы бойынша ауылдан қалаға көшкен халық бұл басқа елдің тұрғындары емес, керісінше бұл Қазақстанның титулдық этносының өкілдері. Ауылдан қалаға қоныс аударған мигранттардың қала жағдайында құқықтарының қорғалмауы мен әлеуметтік қолдау алмауының салдарынан табысты бейімделе алмау жағдайлары кездеседі. Ешпанова (2014) тұжырымдауы бойынша ішкі мигранттардың өмірі тұрмысы тұрақсыздық жағдайында, ең жақсы жағдай дегеннің өзінде жалдамалы пәтерде тұрады, ал шындығында үйсіз адамдар. Ауылдан қалаға қоныс аударып келген мигранттар жұмыс және отбасымен байланысты қиындықтардан туындайтын стресті сезінеді (Pun, 2005; Wong et al., 2008). Сарсембаева (2021) анықтауына сәйкес көптеген ауылдан қалаға көшіп келген тұрғындар қала маңы, қаланың жекеленген аудандарында қоныстанады. Yessenova (2010a) Алматыдағы ауыл қазақтарының жағдайын «қалалық төменгі» немесе «қалалық төменгі сыныптың» жағдайы ретінде сипаттайды. Жаңадан қоныс аударып келген қазақтарды қабылдауда «қазақтар қаланың ең жақсы аудандарында өмір сүре алмайды» және периферияда қоныстануға мәжбүр, қаланың негізгі бөлігінен оқушаланған аудандарда тұрады және төменгі тап ретінде стигматизацияға ұшырайды (Giullia Panicciari, 2012, p.41). Казиханова (2023) зерттеу нәтижесі бойынша Алматы қаласындағы жас мигранттардың көпшілігі тіркелмеген, яғни бұрынғы тұрғылықты жерінде, ауылда немесе қаланың басқа аудандарында тіркелген, бұл көрсеткіш ішкі көші-қон статистикасында көрсетілмегенін көрсетеді. Бұл ғылыми сілтемелер ауылдан қалаға қоныс аударған мигрант отбасылардың әлеуметтік-тұрмыстық деңгейінің төмен екендігін және кедейлік деңгейінде өмір сүре отырып құқықтарының қорғалмауы жағдайымен жиі ұшарасатындығын көрсетеді. Кедейлік – бұл ақшаның жетіспеушілігі ғана емес, құқықтар мен артықшылықтарға байланысты яғни қоғамдағы адамдардың көпшілігі пайдаланатын мүмкіндіктер мен ресурстарға бірдей қолжетімділіктің қаншалықты дәрежеде берілетіндігін анықтайды (Daly, 1988, p.4). Joe Whelan (2023) зерттеу нәтижесіне сәйкес, кедейлік және материалдық қолайсыздық бұл соңында маргиналдануға алып келеді және әлеуметтік иеліктен шығару көптеген юрисдикцияларда тұрақты мәселелер болып табылады. Қазақстандағы қолданыстағы заңнамалық базаны талдау елдегі біртұтас, оңтайлы, негізделген, көші-қонның жағымсыз тұстарын еңсеретін, мигранттардың құқықтарын іске асыратын мемлекеттік көші-қон саясаты жоқ екендігін айқындайды. Елімізде көші-қон бойынша бағдарламалар бар, бірақ ол шашыраңқы, ішкі көші-қон үшін жауапты нақты беретін мемлекеттік орган жоқ

және теңдестірілген жұмыс жоқ. «Егер мемлекет ішкі көші-қон мәселелерін шешпесе, онда маргиналды азаматтардың тұрақсыздандыратын және даулы санатын алады» (Амерханова, 2019, с.8). Елімізде ауылдан қалаға қоныс аударған мигрант отбасыларды қолдаудың заңдастырылған саясаты жоқ және бұл мәселе бұл халық санатының табысты интеграцияланбауы мен құқықтарының қорғалмауы салдарынан түрлі мәселелерге тап болуына алып келеді. Жоғарыдағы ғылыми дәлелдемелерге сәйкес зерттеудің мақсаты анықталды.

Зерттеудің мақсаты – ауылдан қалаға қоныс аударған кедей мигрант отбасылардың қала жағдайында кездесетін мәселелері және осы мәселелермен күресу, жеңу, бейімделу тәжірибесін анықтау.

Әдебиеттерге шолу

Greeff (2007) және оның әріптестерінің тұжырымдауына сәйкес отбасының өміршеңдігі отбасының қолайсыз жағдайларды таңдау мен жеңуде бейімделу шараларын қабылдау үшін ішкі және сыртқы ресурстарды пайдаланған кезінде анықталады. Отбасының өміршеңдігі отбасының өтпелі кезең мен дағдарысты қалай бастан өткеретіндігін түсінуге теориялық негіз береді және отбасының қиын өмірлік жағдайлармен сәтті күресу және өзгерістер мен дағдарыстарға бейімделуі сипатына сілтеме береді (Walsh, 1996). Отбасылар өзгерістерді қалай қабылдайды, сондай ақ олардың қиын жағдайлармен күресуге арналған дағдылары мен ресурстары олардың өміршеңдік деңгейін анықтайтын факторлар болып табылады (Patterson, 1988; Walsh, 2002). Отбасының тұрақтылығы – отбасы бейімделу таңдауын қабылдауы және қолайсыз жағдайларды жеңу үшін ішкі және сыртқы ресурстарды пайдалануы (Greeff et al., 2007). Walsh тұжырымдауы бойынша жаңа жағдайларға бейімделуі үшін отбасы ішкі функциялары мен құрылымдарын өзгертіп, сондай ақ қолайсыз жағдайларға қарамастан жеке трансформация және қарым – қатынастың өсуіне қол жеткізуі керек (Walsh, 2002). Wen және оның әріптестерінің тұжырымдауы бойынша отбасының бейімделу шешімдерін қабылдауы үшін отбасы ішіндегі және одан тыс әртүрлі ресурстарды қалай пайдалануы оның бейімделу процесінде маңызды рөл атқарады (Wen et al., 2015). Khanam және оның әріптестерінің зерттеу нәтижелеріне сәйкес көптеген мегаполистердің тұрғындары өздерін дәрменсіз сезінді және қолдау желілерінің болмауына байланысты қорғалмаған (Khanam et al., 2024, p.8). Қазақстанда ішкі көші-қон мәселелері жөнінде зерттеулер И.К.Амерханова, Э.С.Майшекина, D.D.Yeshpanova, N.Zh. Biyekenova, A.C. Жусупова, А.А.Кенесов, Ж.А.Утебаева, Е.С.Коренева, Д.Б.Кужикова, М. Асанбаев еңбектерінде көптеп кездеседі. Қазақстанда ішкі көші-қонның аумақтық көрсеткішінің деңгейі мен мәселелерін сипаттайтын зерттеулер бар, бірақ ішкі көші-қонға қатысушылардың қала жағдайында әлеуметтік қолдау алу тәжірибесін түсіндіретін зерттеулер жоқ. Отбасылар зерттеу бірлігі ретінде қалай бейімделеді және тұрғын үй, жұмыспен қамту, білім беру, медициналық қызметтерді алудағы қиындықтарымен қалай күресетіндігі туралы зерттеулер кездеспейді. Отбасы өмірінің негізгі салаларына бейімделу механизмдерін зерттеу осы отбасылармен

әлеуметтік жұмыс тәжірибесіне және осы отбасыларға қатысты әлеуметтік саясатты қалыптастыруға көмектеседі.

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында зерттеу сұрақтары тұжырымдалды: (1) Кедейлік жағдайында өмір сүретін ауылдық жерлерден қалаларға қоныс аударатын отбасылар баспана табу және тұрғын үй жағдайларын жақсарту қиындықтарын қалай жеңеді? (2) Олар жұмыста будағы қиындықтарды қалай жеңеді? (3) Ата-аналар балаларына білім берудегі қиындықтарды қалай жеңуге тырысады? Олар балаларға мектепке дейінгі және мектептегі білім беруді қалай қамтамасыз етеді және оларды сыныптан тыс жұмыстарға қалай тартады? (4) Олар медициналық көмек пен әлеуметтік қызметтерге қол жеткізу қиындықтарын қалай жеңеді? (5) Ауылдық жерлерден қалаға қоныс аударатын мигранттардың отбасылары қалалық қоғамдық желілерге қалай қосылады?

Зерттеу нысаны бойынша респонденттерді іріктеу Алматы қаласы Барахолка базар аумағында жүргізілді. Барахолка базар аумағындағы ашық алаңдар мен жол бойларында жұмыс жасап немесе көмек сұрап отырған 80 адаммен кезекпен танысу жұмысы жүргізіліп, сауалнамаға қатысуға ұсыныс жасалды. Азаматтарға сауалнама деректерінің жасырын (анонимді) сақталатындығы және мақсатқа сәйкес іріктелініп алынған сауалнама қатысушылары ақылы сұқбатқа қатысатындығы туралы түсіндіру жұмысы жүргізілді. Сауалнама қатысудан 33 адам бас тартты, 47 респондент сауалнамаға қатысуға келісім берді. Сауалнама жүргізіліп, жинақталған ақпараттар сұқбат критерийлеріне сәйкес талданды. Іріктеу нәтижесінде 34 респонденттің жауаптары сұқбат критерийлеріне сәйкес келмеген, 13 респондент іріктелініп алынды.

Сұқбатқа қатысушы отбасыларды талдау критерийлері:

- Моноотбасы (5), нуклеарлы отбасы (3), кеңейтілген отбасы (5);
- Алматы қаласына қоныс аудару мерзімі 10 жылдан аспаған отбасы;
- Күнкөріс деңгейі кедейлік шегіндегі отбасы.

Іріктелініп алынған респонденттермен сұқбаттың өту күні, уақыты және орны алдын ала келісілді. Эмпириялық зерттеу деректерін жинақтау мақсатында 13 отбасыдан тереңдетілген сұқбат алынды. Сыйақы мөлшері 5000 теңге бірінші автор тарапынан.

Сауалнама және сұқбат сұрақтары Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің жергілікті этикалық комитетімен мақұлданған.

1-кесте. Сұқбатқа қатысушы әйел респонденттердің демографиялық ақпараттары

Қатысушылар	Жасы	Жұ-байы, жасы	Басқа туыстар	Бала саны, жасы (деректерді жинау кезеңіндегі)	Қалаға көшу мерзімі	Отбасының кірісі
Респондент 1	37	-	-	4 бала – 2 – 10 жас аралығы	2 жыл 5 ай	105000


Респондент 2	36	-	-	2 бала – 11 – 13 жас аралығы	5 жыл 8 ай	95000
Респондент 3	25	-	-	1 бала – 6 жас	6 ай	55000
Респондент 4	40	-	-	5 бала – 3 – 15 жас аралығы	9 жыл	183000
Респондент 5	46	-	-	8 бала – 12 – 29 жас аралығы	6 жыл	340000
Респондент 6	37	41	-	7 бала – 2 – 15 жас аралығы	5 жыл 2 ай	268500
Респондент 7	37	48	-	4 бала – 5 – 17 жас аралығы	1 жыл	324000
Респондент 8	26	37	-	4 бала – 1 – 8 жас аралығы	7 жыл	200000
Респондент 9	34	37	Әже Қайны	4 бала – 1 – 10 жас аралығы	1 жыл 10 ай	280000
Респондент 10	30	33	Әже	3 бала – 3 – 9 жас аралығы	6 жыл	200000
Респондент 11	42	44	Әже	7 бала – 3 – 20 жас аралығы	1 жыл 6 ай	344000
Респондент 12	40	41	Әже	5 бала – 4 – 19 жас аралығы	10 жыл	273000
Респондент 13	33	37	Ата Әже	5 бала – 0 – 12 жас аралығы	5 жыл 6 ай	286000

Сұқбат респонденттердің үйінде өткізілді. Әр респондентке ақпараттық парақ ұсынылып, әрқайсысы келісім парағына қол қойды. Зерттеуді этикалық комитет мақұлдады (IRB – A689, 02.11.2023).

Деректерді талдау В.Браун және В.Кларктың рефлексивті тақырыптық талдау (RTA) әдісінің 6 кезеңі бойынша жүргізілді: Бірінші кезең: деректермен танысу; Екінші кезең: бастапқы кодтарды құру; Үшінші кезең: тақырыптарды құру; Төртінші кезең: ықтимал тақырыптарды қарастыру; Бесінші кезең: тақырыпты анықтау және оған атау беру; Алтыншы кезең: есепті дайындау.

Нәтижелер

Деректерді тақырыптық талдау барысында сегіз тақырып анықталды: нашар өмір сүру жағдайы, қызметтерге қолжетімсіздік, стигматизация және қорғансыздық, интеграцияланбау, ресми ресурстардың қызметінен қашу, отбасылық рөлдердің өзгеруі, бейресми қолдау, қалалық ортадағы мінез-құлық және бейімделу.



Ескерту:

○ Тақырып

□ Ішкі тақырып

----- Тақырып арасындағы байланыс

Сурет 1. Рефлексивті тақырыптық талдау нәтижелері

Нашар өмір сүру жағдайы

Жинақталған ақпараттарды тақырыптық талдау барысында келесідей ішкі тақырыпшалар анықталды: (1) төменгі кіріс, (2) төменгі үй жағдайы және (3) балалардың қажеттіліктерінің қанағаттандырылмауы. Респонденттердің көпшілігі отбасылық табыстың мөлшері күнделікті азық – түлік пен пәтер ақысын төлеуден артылмайтындығын жеткізді.

«Айлық күнделікті тамақ және үйге төлейміз болды. Басқа ештеңкеден артылмайды. Алматыда пәтер жалдап тұру өте қиын екен, тамағың бар, киімі бар балалардың сол жағынан қиналып отырмыз» (Сұқбат нуклеарлы отбасы 2).

«Бәрібір жетпейді ештеңеге, менің күнделікті тапқаным балалардың продуктысынан артылмайды, күйеуім тапқаны тоже кредитке кетеді, асып-тасады» (Сұқбат кеңейтілген отбасы 1).

Екінші тақырыпша: «Төменгі үй жағдайы». Сұқбатқа қатысушылардың басым бөлігі қала жағдайында жалдаған пәтерлердің көпшілігінде қолайлы жағдай жасалмағандығын және осы себептен балалардың денсаулық жағдайы мен үй жағдайында білім алу, интеллектуалды дамуына кері әсерін тигізіп отырғандығын атап өтті.

«Бір айда үйде боламыз, бір ай больницада жүрдік, өздері біледі ауруханадағылар, баланың өкпесін құрттыңыздар деп айтты, влажность, сырос, ауа жоқ сегіз адам енді бір үйде тұрғаннан кейін сосын олар келе берді, келе берді «Болмайды көшіңіздер, зиян» деп» (Сұқбат кеңейтілген отбасы 3).

«Одан кейін айтып жатырмынғой, біздің үйіміз кішкентай, кішкентай ғана бөлмені ас бөлмесі деп қойып қойғанмын, бір бөлменің ішіндемізғой. Біреуі оқып жатса, екінші бала сабақ оқығысы келеді. Біріне кедергі көп жасайды. Содан да сабақ үлгерімдері төмен болып қалды ма, біреуі айқайлайды, бір бала шулайды. Сабаққа дайындалуда кедергілер бар, киінуге кедергі таңертен, тіпті таңертен шайларын ішетін жер де болмай қалады. Өйткені, бізде бір бөлме түгелімен төсек салып тастаймын. Бір бала сөйлесе екіншісі оянып кетеді» (Сұқбат нуклеарлы отбасы 1).

Үшінші тақырыпша: «Балалардың қажеттіліктерінің қанағаттандырылмауы». Респонденттердің көпшілігі растады, яғни балалардың материалдық қажеттіліктерін қамтамасыз ете алмаудың ықпалынан балалар таныс емес адамдардың берген киімдерін киеді және оқу құралдары мен киіммен уақытылы қамтамасыз етілмейді.

«Балалар енді барып келеді, мектепте қиыншылықтар болады оқу жағынан, енді оқулық бәрі жетеді, кем кетіктерін түгендеуге кішкене қаражат жетіспейді, формасы бар. Ақша жетпей қалған кезде алып бере алмаған жағдайлар болды» (Сұқбат кеңейтілген отбасы 2).

«Бұрын ауруханада жатқан кезімде бай әйел кісіні жолықтырғам, сол кісінің ұлы бар, өзі бухгалтер боп жасай ма, маған киімдерін алып келіп тастайды. Киімге сол кісінің арқасында кішкене болсын қиналмаймын» (Сұқбат кеңейтілген отбасы 3).

Қызметтерге қолжетімсіздік

Қала жағдайында ауылдан қоныс аударған мигранттардың басты мәселелері (1) прописка қиындықтары, (2) қаржылық қиындықтар және (3) ақпараттандырылмау. Сұқбатқа қатысушылардың көпшілігі прописканың (мекен – жайы бойынша тіркеу) болмауы қала жағдайында көмектер мен қолдауларды алуда басты кедергі болатындығын және осы себептен қаншама мүмкіндіктерден айырылып отырғандықтарын жеткізген.

«Осындай мәселелер болды менде, жаман қатты қиналдық тіркеуіміз болмай, баспанаға кезекке тұра алмай, одан басымызда несие бар әлі күнге дейін, несие деген тегі бітпейді қажеттіліктен» (Сұқбат кеңейтілген отбасы 4).

«Енді екінші сыныпта көп балалы ана ретінде тегін тамаққа жаздыртайын десем келеді да «прописка» дейді, «АСП-ға тапсырмағансыз» дейді, тамаққа да, киімге да барлығы сол бір прописканы талап етіп отыр» (Сұқбат нуклеарлы отбасы 3).

Қала жағдайында қаржылық қиындықтардың ықпалынан балалардың балалақшасы мен қосымша оқу курстарын қамтамасыз ете алмау жағдайымен көптеген отбасылардың

кездесетіні анықталды. Респонденттердің басым бөлігі балалардың білімі мен дарынын жетілдіруге жоғарғы деңгейде ниетті екендіктерін білдірді және қосымша оқу, үйірме орталықтары алыста орналасқандықтан балалардың барып келуі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндіктері жоқ екендігін жеткізді.

«Ия жеке меншік бала бақшаларға барып, бағаларын сұрап көрдім. Бір балаға 35000 тенге сұрайды. Бұл ең арзан деген балабақша бағасы. Бұл ақшаны төлеп баланы балабақшаға беруге мүмкіндігім жоқ» (Сұқбат моноотбасы 1).

«Кружоктарға қатыстыра алмаудың басты себептері: ақша, барып келу, баланың қауіпсіздігі, автобус бар, остановка арғы жақта ол үшін көшенің арғы бетіне өту керек, пешеход бар, сосын осы автобустан түсіп үйге келем дегенше арасы қаншама ұзақ, баланы постоянно алып жүретін адам керек» (Сұқбат кеңейтілген отбасы 2).

Сұқбатқа қатысушылардың көпшілігінің қала жағдайында әлеуметтік көмектер мен қызметтер туралы ақпараттандырылмағандықтары анықталды және бұл қолдауларды алуға уақыттың тапшылығын атап өтті.

«Шыны керек мен жүгінбедім. Мен білмеймін, ондайға жүгінген емеспін. Оған жүгіріп, сұрастырып, қарастыратын уақыт та жоқшыны керек. Балалардың сабағы, тамақтары бар дегендей» (Сұқбат нуклеарлы отбасы 1).

«Мен ондай нәрсені білмейді екенмін. Ауылда жүргеннен кейін біз ондай нәрсені қарамағанбыз, білмейміз» (Сұқбат кеңейтілген отбасы 5).

Интеграцияланбау

Бұл тақырып аясында 4 тақырыпша анықталды: (1) бос уақытты тиімді өткізбеу, (2) өзін жергілікті тұрғын ретінде санамау және (3) қалада туыс еместермен әлеуметтік байланыс жоқ. Сұқбатқа қатысушылардың көпшілігі қала жағдайында қаржылық қиындықтардың ықпалынан бос уақытты тиімді өткізбейтіндіктерін және тұрғын үй жағдайының қолайсыздығынан балаларды қараусыз қалдыра алмайтындықтан өздеріне бос уақыт арнай алмайтындықтарын атап өткен.

«Мен бос уақыт табар едім. Қазір мынау үй кішкентай болғаннан кейін, от жағатын болғаннан кейін қорқасың. Арасында болады, ток бір рет жанып кетті. Сондай жағдайдан кейін қорқып үйден шықпаймын» (Сұқбат нуклеарлы отбасы 1).

«Бос уақытты тиімді өткізуге жағдай жоқ, қаражат жетпейді, былай қыдырып келейін десең балалармен үйде отырасың жағдайың жетпеген соң» (Сұқбат нуклеарлы отбасы 2).

Респонденттердің басым бөлігінің өзін жергілікті қала тұрғыны ретінде санамайтындықтары анықталды. Сұқбат нәтижелеріне сәйкес қалада жеке меншік пәтердің жоқтығы мигранттардың өздерін қалалық тұрғын ретінде сезінбеуіне басты себеп болып табылады.

«Жоқ, өзімді санамаймын және сезінбеймін. Оған себеп үйдің жоқтығы, көршілермен араласпаймыз» (Сұқбат нуклеарлы отбасы 1).

«Енді жергілікті тұрғын деп санайтын тұрып жатқанымызға бес алты жыл болды, бес алты жылдан бері барып келетін неміз бар, тұрақты деп өзім олай сезінген жоқпын. Себебі, тұрақты жеріміз жоқ, тұрақты үйіміз жоқ, ана жақтан мына жаққа көшу барлығы оңай емес» (Сұқбат кеңейтілген отбасы 2).

Ешқандай мекемеде жұмыс жасамау, басқа тұлғалармен әлеуметтік байланыс орнатпау және мүліктік ресурстардың жеткіліксіздігі мен төмен деңгейі мигрант отбасылардың қалада туыс емес тұлғалармен байланыс орнатуына мүмкіндік бермейтіндігін көрсетті.

«Менің енді Алматы қаласында досым жоқ, өйткені мен бұл жақтың тумасы емеспін, ешқандай таныс жоқ, көршілермен араласпаймыз. Жұмыс орнында жұмыс жасағанда көп уақытта жасаған жоқпын, ана жерде бір мына жерде бір жасадым. Ол жерде жақын таныс тауып, жақын арластым деп айта алмаймын. Жұмыс істемей үйде отырғаннан кейін дос, таныс, ұжымдастар жоқ» (Сұқбат нуклеарлы отбасы 1).

«Мен үйге қонақ та шақыра алмаймын, үйге қонақ шақыруға ұяламын. Қонаққа ешкімді шақыра алмаймын, ешкім келмейді. Жолдасым достарын шақырғысы келеді, шақыра алмаймыз, қашып жүреміз. Былай айтқанда ағайындармен де араласпай қалдық. Қыздарым да сыныптастарын үйге шақыра алмайды. Өйткені, шақырайын десе кәні кімді шақырады, ұялады. Қазір үлкендерім киім ауыстырғысы келеді, жеке отырғысы келеді, кішкентай балалар әсер етеді» (Сұқбат нуклеарлы отбасы 1).

Стигматизация және қорғансыздық

Тақырыптық талдау барысында респонденттердің көпшілігінің қала жағдайында жергілікті тұрғындар тарапынан стигматизацияға ұшырайтындықтары анықталды: көршілердің қарсылығы, көпбалалы отбасыларды пәтерге алмау. Сұқбатқа қатысушылар жергілікті тұрғындар тарапынан шеттетулерді сезінетіндіктерін жеткізді.

«Үйдің қасында үлкен үйлер бар. Сол үйлердің аумағына балаларды ойнатуға жіберсең кемсітеді екен. «Сендер бұл жерде тұрмайсыңдар, сендерге бұл жерде ойнауға болмайды» деп айтады екен. Үлкен кісілер солай айтып балаларды қуып жібереді екен. Мен ол жаққа балаларды жібергім келмейді. Кейінгі кезде ол жақты қоршап қоятын болыпты» (Сұқбат нуклеарлы отбасы 1).

Респонденттердің көпшілігінің жауаптары бойынша пәтер иелері көп баламен пәтерге алмайды және түбегейлі бас тартады. Бұл тәжірибеден пәтер иелері тарапынан мигрант отбасылардың шеттетулерге ұшырайтындығын көре аламыз.

«Ал көше аралап іздеп көрдім, көбісі баламен алмаймыз дейді. Менде 4 бала, тіпті 1 баламен алмайтын хозяндар бар. «Балаларыңыз көп екен», «Қалай төлей аласыз?», «Жұмыс жасайсыз ба?» деген сұрақтар көп» (Сұқбат моноотбасы 1).

«Біздің балаларымыз көп болғандықтан тұрғын үй кешеніндегі пәтерлерге қабылдамайды. Неге десеңіз балалар шулайды, бұл жерде көпшілік үйлер бос емес сносқаға кеткен үйлер. Сомен отырмыз енді бес алты жыл болды» (Сұқбат кеңейтілген отбасы 1).

Мигрант отбасылардың қалалық ортада қорғансыздық жағдайлары анықталды: риэлтор көмегіне жүгінуге құлықсыздық; пәтер иесіне сенбеу. Сұқбатқа қатысушы мигрант отбасылардың ауылдан қалаға алғаш қоныс аударғанда меншік иелерімен байланысқа түскендегі сәтсіз тәжірибелері анықталды.

«Интернеттен іздеген едім біреуге 10 мың теңге беріп қаратқам ғой пәтерді, сөйтсем ол жоқ тауып бере алмады. Сонымен ақшаны да бермеді, содан кейін қой дедік» (Сұқбат кеңейтілген отбасы 5).

«Өйткені, интернеттен қарасаң, риэлтор дейді, оған көп жүгінбейміз» (Сұқбат моноотбасы 5).

Қала жағдайында пәтер иелерінің келісілген қаражатты қайтармау тәжірибесі мигрант отбасылардың пәтер иелеріне сенімсіздігін қалыптастырғандығы анықталды.

«Бұл пәтердің иесі жарты ақшамды бермей қойды. Депозитті қайтармай қойды. Пәтер иесі «Ақша қайтарылмайды» деді. Пәтер иесі жөндеу қажет заттарды жөндеп бермейтін» (Сұқбат моноотбасы 3).

«Сосын жолдасым өмірден өтті, сол жерден жерлеп, сол жақта болдық біраз. Сосын келіп сол тұрып жатқан квартирдағылар ақшамды бермей қойды, төлеп қойғанмын ғой. Жарты ақшасын беріп қойған едім келесі айға деп, бірақ біз жолдасым қайтыс болған уақытта ауылда болып тұрмадық қой ол үйде» (Сұқбат моноотбасы 5).

Ресми ресурстардың қызметінен қашу

Бұл тақырып ішкі екі тақырыпшаны құрайды: (1) құқықтық білімнің болмауы, (2) ресурстардың жеткіліксіздігінен көмектен бас тарту және (3) маманға сенімсіздік. Сұқбатқа қатысушы отбасылардың көпшілігі медицина қызметтері мен әлеуметтік көмектер мен қолдауларды алуда өз құқықтарын білмейтіндігі анықталды.

«Бізде мысалы бір ренжитінім УЗИ ға орын болмай қалады екі қабат кезде қатты қиналғам, денсаулығымда қаным сұйықта. Поликлиникаға қаралайын десем арғы Қалқаман жаққа жіберді «Өзімізде жоқ мамандар» деп сонау Қалқаманға барам үш баламды алып» (Сұқбат нуклеарлы отбасы 3).

«Мысалы, бір көмек алу үшін емханаға барғанда терапевтке жазыласын. Одан кейін терапевттің жіберуі бойынша гинекологқа жазыласын. Ол гинекологты бір ай күтесін. Ол гинекологқа барсан терапевтке жібереді. Сомен солай уақыт өтеді» (Сұқбат моноотбасы 2).

Тақырыптық талдаудың нәтижесінде анықталған келесі тақырыпша: «Ресурстардың жеткіліксіздігінен көмектен бас тарту». Респонденттердің көпшілігінің қала жағдайында медициналық қызметтерді алу үшін жарналарды төлей алмау жағдайынан көмектерді ала алмай отырғандықтары анықталды.

«Сақтандыруды төлеу керек, соны айтты маған. Сақтандыруды алдын ала төлемесе қарамайды деді. Соны естіп алдымда соны төлеу үшін ақша керекқой, алдыңғы үш айды төлеу керек дегенді естідім да емханаға тіркелмедім» (Сұқбат моноотбасы 3).

Үшінші тақырыпша: «Маманға сенімсіздік». Сұқбатқа қатысушылардың көпшілігі ресми ресурстарға қолжеткізудің қиын және мамандар тарапынан қолдау алмайтындықтарын жеткізді.

«Енді №36 емханаға ауыстық, енді бұл емхана кішкене қиындау мағанда және балаларға да. Қашан барсаң адам көп, запиське іліге алмайсың. Бір күні барсаң запись толық болады, бұлар орындарды толтырып тастай ма білмеймін» (Сұқбат моноотбасы 5).

«Заведующийға кіресің, ұрсысып жүріп жауап аласың, бірақ онда да нақты жауап ала алмайсың. Сұрасаң бөлінген квота бітіп қалды деп айтады. Содан соң медбике сол жағынан білімді болса деймін да, пациентке түсіндіріп айтса. Көбінесе барасың «жоқ» деп қайтарады» (Сұқбат нуклеарлы отбасы 1).

Қалалық ортадағы мінез-құлық және бейімделу стратегиялары

Сұқбатқа қатысушылардың көпшілігі қала жағдайында пәтерді ауылдық әдіспен іздеу және пәтерді мектепке жақын жерден қарастыру тәжірибесімен бөлісті. Қатысушылардың көпшілігінің қала жағдайында пәтерді көше бойымен сұрастыру арқылы табуға ұмтылатындығы анықталды. Демек, мигрант отбасылар ұялы байланыс құралдары мен сайттардың көмегіне жүгінуден бұрын жаяу, көше бойымен пәтер іздеуге бейім.

«Көше аралап жүріп таптық. Ең алғаш қалаға келгенде заттарымызды Сайрандағы складқа қойып, сосын барып көшені аралап жүріп квартира таптық» (Сұқбат моноотбасы 2).

«Іздедік біз көше аралап осылай бала шағаны ертіп аламын да жайлап қарап жүріп адамдардан сұраймын» (Сұқбат нуклеарлы отбасы 3).

Сұқбатқа қатысушылардың көпшілігі пәтерді мектепке жақын жерден қарастыру тиімді екендігін атап өтті. Мектептің пәтерден алыс орналасуы отбасыға қосымша ресурстарды талап етеді: баланы мектепке апарып-алып келуді ұйымдастыру, жол жүру билеттеріне төлемдер жасау.

«Қызымның мектебіне жақын болғандықтан осы жерді таңдадым. Арзан жерлерде бар, бірақ мектепке алыс болып тұр содан кейін осы жерді таңдадым» (Сұқбат моноотбасы 3).

«Енді кішкене қыздар каникулға шықты мектепке бармағанымызда біраз қиналып қаламыз, апарып алып келуі бар, мектепке жақын жер қымбат, мектепке жақын жерден пәтер алғың келеді, бірақ ол өте қымбат» (Сұқбат кеңейтілген отбасы 2).

Бейресми қолдау

Бұл тақырып ішкі үш тақырыпшаны құрайды: (1) туысқандық ортадағы өзара тәуелділік және өзара көмек және (2) қоғамдастықтың көмегі, (3) жұмыс беруші көмегі. Сұқбатқа қатысушылардың көпшілігі қалада туысқандық ортаның көмегін түрлі қажеттіліктерде алатындарын атап өтті: пәтер іздеу, пәтер ақысын төлеуде қаржылай көмек, туысқан үйінде уақытша тұру, қарызға ақша алу, балаларға киімін алып беру, қиын жағдайда кеңес беру, балаға қарайласу, пәтерге тегін пропискаға тіркеу. Бұл ауылдан қалаға қоныс аударып келген мигрант отбасыларға ең бірінші кезекте туысқандық ортаның қолдауы орталық және бастапқы желі болып отырғандығын көрсетеді.

«Бірінші үйді енемнің әпкесі тауып берді арзандау деп» (Сұқбат кеңейтілген отбасы 3).

«Пәтер таппай қалған бір момент болды. Ол кезде қайынағамыздың үйінде тұрдық. Төрт күн әрең шыдап тұрдық. Сол бірінші пәтерден «Срочно босат, сатамын» дегенде тез қайынағамның үйіне апардық жүгімізді» (Сұқбат моноотбасы 5).

«Ол кезде осы жерде күйеу баламыз бар, үлкен абысынымның қызы тұрады солардан 100 мың теңге алып, продукты алып, айлық алғанша амалдап тұрдық. Ол ақшаны қарызға алып тұрдық. Сонымен жұмыс іздеп айлық алғанша сол ақшаны үнемдеп жұмсадық» (Сұқбат кеңейтілген отбасы 1).

Екінші тақырыпша келесі түсіндірмеде тұжырымдалған: «Қоғамдастықтың көмегі». Сұқбатқа қатысушылардың басым көпшілігі қала жағдайында алғашқы көмектерді достар, көршілер, таныстар, пәтер иелері тарапынан алғандықтарын атап өтті.

«2017 жылы көшіп келдік, бір бөлмелі квартираны бізге жолдасымыз тауып берді» (Сұқбат нуклеарлы отбасы 3).

«Жаңағыдай апасы арасында үйде қарап отырады, апасы жұмыстарымен бір жерге кетіп қалған жағдайда көршіге айтып апасы солай дайындап кетеміз» (Сұқбат кеңейтілген отбасы 2).

«Сосын жарайды деп кеттім, сомен өзімнің ағама айтқан едім ағамның осы Алматыда тәтесі шықты таныс мектептің директоры ол кісиде сол кісімен сөйлестіріп қабылдатқызым сол мектепке баламды» (Сұқбат кеңейтілген отбасы 4).

Респонденттердің көпшілігі пәтер иелерінің қолдаулары біршама мәселелерге тап болғанда ең маңызды ресурс болғандығын атап өтті.

«Орын болмаған соң бармады оғанда мына кісілер көмектесті үй иелері тұрғызып бергенге. Кезекті таныс арқылы біліп берді осындай жерде бар екен тегін деп сосын апарып орналастырдық. Әйтпесе ақшалай болса орналастыра алмайтын едік» (Сұқбат нуклеарлы отбасы 2).

«Сөйткен едім маған қойып берді өтініш жасадым, жыладым. Басқа үйге өздері қойып берді уақытшаға қойды, балалар үшін қойып берейін деді» (Сұқбат кеңейтілген отбасы 5).

Сұқбатқа қатысушы мигрант отбасылардың көпшілігі қала жағдайында мешіт тарапынан көмек алатындықтарын жеткізді.

«Мешіттегі жамағатқа кіріп өтініш жасадым. Цонға бардым былай былай істейсіз деді пропискаға тұру үшін. Сосын пропискаға тұру жөнінде мешіттегі имамдарға айттым. Сосын имамдар жамағатқа айтты. Сол жерден бір кісі пропискаға өз үйіне тұрғызды» (Сұқбат моноотбасы 2).

«Kurban.kz деген арқылы заказ бердім. Сондай сайт бар соған тіркеліп декреттегі анамын, жолдасым ғана жұмыс жасайды деп жазып едім звондады ол кісілер маған сағат 15:00 де алып кетіңіз» (Сұқбат нуклеарлы отбасы 3).

Үшінші тақырыпша келесі түсіндірмеде тұжырымдалған: «Жұмыс беруші көмегі». Қалалық аумақта жұмыс беруші тарапынан көрсетілген қолдау тәжірибесін Сұқбатқа қатысушылардың басым көпшілігі баяндады.

«Қалаға келгенімде бір асханада жұмыс жасап сол қожайынның сіңілісінің үйін жалдадым, яғни осы үйді» (Сұқбат моноотбасы 1).

«Күйеуім осы кісілердің қол астында үш жылдай жұмыс жасады. Содан кейін бұл кісілер инвалид баламыздың бар екенін білгенен кейін осы үйді бізге уақытша берді солай таптық» (Сұқбат нуклеарлы отбасы 2).

Бұл тақырыпта ауылдан қалаға қоныс аударған кедей мигрант отбасылардың қала жағдайында бейресми желілердің қолдауы негізінде бейімделу кезеңінен өтетіндігі анықталды.

Отбасылық рөлдердің өзгеруі

Бұл тақырыпта екі тақырыпша қарастырылған: (1) балалардың әлеуметтік қолдауы, (2) әженің әлеуметтік қолдауы. Отбасыларда материалдық және адами ресурстардың жеткіліксіздігінен үлкен балалардың өз мойнына бірнеше міндеттерді алу жағдайы анықталды.

«Балам түске дейін сабақта болады. Суббота базар күні көмектеседі» (Сұқбат моноотбасы 4).

«Телефон үлкен қызымда бар және төртінші сынып оқитын балада бар. Үлкен қызым танертен бәрін алып кетеді балаларды. Төртінші сыныптағы бала екінші сыныптағы қызды алып келеді» (Сұқбат нуклеарлы отбасы 1).

«Бос уақыты болғанда мына кішкентай балам мен қызымның бос уақыты осы кішкентайға қарайды. Мен келгенше үйді тазалап, сыпырып отырады. Қызым келгенше ыдыс-аяқтарды жуып қояды» (Сұқбат моноотбасы 2).

Кеңейтілген отбасылардың мүшелері әженің отбасыға көмегі маңызды рөл атқаратындығын жеткізді. Әженің көмегі арқылы отбасы өзінің өміршеңдігі мен тұрақтылығын сақтайтындығы анықталды.

«Ал сабаққа баруларын енем жібереді. Енем көмектесіп отыр, балаларды жолдан өткізіп жібереді, өйткені кішкентай қыз бар, қайтарда жолдан күтіп алады, балалар ары қарай өздері барады. Жоқ, енем ғана көмектесіп отыр, бұл кісі болмаса балаларыма кім қарайды менің төрт балам кімге керек» (Сұқбат кеңейтілген отбасы 3).

«Қазір енем қасымызда үйде, ол кісінің 100 мың теңге пенсиясы бар, енем көмектеседі» (Сұқбат кеңейтілген отбасы 4).

Талқылау

Зерттеудің нәтижесі бойынша кедей мигрант отбасылардың қала жағдайында қызметтерге қолжетімсіздігі анықталды. Қызметтерге қолжетімсіздіктің негізгі себептері: біріншіден әлеуметтік қолдау саясаты жоқ, бұл нәтиже зерттеуді растайды (Амерханова, 2019), екіншіден прописканың болмауынан қызметтерге қолжетімсіздік, үшіншіден қызметтер туралы ақпараттандырылмау.

Отбасылардың қала тұрғындары тарапынан стигматизацияға ұшырайтындықтары анықталды, бұл нәтиже зерттеудің нәтижесімен сәйкес келеді (Ешпанова, 2014). Сұқбатқа қатысушы отбасылар жергілікті тұрғындар тарапынан шеттетулерге ұшырайтындықтарын атап өтті. Қала жағдайында пәтер иелері көп баламен пәтерге алмайды және бұл мигрант отбасылардың пәтер табуда біршама қиындықтарға тап болатындығын білдіреді. Респонденттердің көпшілігінің пәтер табу мен жұмысқа орналасуда бейресми желілердің көмегіне жүгінетіндіктері анықталды және бұл нәтиже зерттеуді растайды (Ешпанова, 2014). Яғни мигрант отбасылар ресми желілердің көмектерін алу туралы ақпараттандырылмаған және сенімсіздік танытады. Осы факторлардың және қолжетімділіктің болмауына байланысты мигрант отбасылар бейресми желілердің көмегіне жүгінеді. Зерттеудің бұл нәтижесі өзара тәуелділік моделін (Gigdem Kagitcibasi 2017) айқындайды. Мигрант отбасылардың қала жағдайында қаржылық қиындықтар мен ресурстардың жеткіліксіздігінен балалардың білім алу жағдайын толыққанды ұйымдастыра алмау және мектептен тыс курстар мен үйірмелерге тарта алмайтындықтары анықталды. Сонымен қатар кедей мигрант отбасылар қала жағдайында медициналық көмектерді алудың біршама мәселелерін атап өтті: қаржылық қиындықтың ықпалынан қызметтерді алудан бас тарту, маманға сенімсіздік, қызметтерді алудың оңтайлы жүйесі жасалмаған. Қоғамдық желілер мен әлеуметтік ортамен байланыс орната алмау мәселелерін мигрант отбасылар материалдық жетіспеушілік және мүмкіндіктердің жоқтығымен нақты түсіндірді.

Қорытынды

Заңдастырылған саясат және атқарушы органдардың сапалы жұмысы нақты қолға алынған жағдайда Қазақстандағы ішкі көші-қон қатысушыларының табысты бейімделуі жүзеге асады. Елдегі ішкі көші-қонды реттеуге мемлекеттік деңгейде нақты бағыттар бойынша жұмыстардың атқарылмауына ғылыми зерттеулер анықтама береді. Жүргізілген зерттеу нәтижелеріне сәйкес ауылдан қалаға қоныс аударған кедей мигрант

отбасылардың қалада тұрғын үй табу, жұмысқа орналасу, білім алу мен медициналық көмектерге жүгінуде әлеуметтік қолдауларды бейресми желілердің тарапынан алу көрсеткішінің басым деңгейі ресми желілердің қызметіне қолжетімсіздіктің нақты тәжірибесін көрсетеді. Тұрғын үй, жұмыспен қамту, денсаулық сақтау және білім беру саласындағы әлеуметтік саясатты талдау көптеген әлеуметтік бағдарламалардың мигрант отбасыларға қол жетімді еместігін айқындады (Болат, Мустафина, 2023). Жалпы зерттеу нәтижелерінің қорытындысы қала жағдайында ауылдан қоныс аударған кедей мигрант отбасылардың сәтсіз тәжірибесі қаншама қазақстандық отбасылардың қандай деңгейде өмір сүріп отырғандығына нақты сілтеме бере алады. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес ірі қалалардағы мигрант отбасылардың әлеуметтік қолдау мен көмектерді ала алмауы мен сәтсіз бейімделулерінің нәтижесі маргиналды, деградацияға ұшыраған халық өкілдерінің саны артып жатқандығын дәлелдейді. Бұл санаттар еліміздің азаматтары, сондықтан ішкі көші-қонды басқару мен реттеудің дәйекті саясатын дайындап, атқарушы органдар мен жергілікті билік өкілдері мен мамандардың жұмысын нақты бағыттар бойынша жүзеге асыру ұсынылады. Сонымен қатар әлеуметтік жұмыс өзара тәуелділік мәдениетіне және оның отбасыларға бейімделуге қалай көмектесетіне негізделуі керек.

Әдебиеттер тізімі

1. Сарсембаева Г.А. Урбанизация как основной миграционный тренд современного Казахстана//Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Исторические и социально-политические науки. – 2020. –Vol.1, №64. DOI:10.51889/2020-1.1728-5461.08
2. Ұлттық статистика бюросы, Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі <https://stat.gov.kz/>.
3. Амерханова И.К., Майшекина Э.С. Правовая оценка проблем внутренней миграции в Республике Казахстане//Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия: Право. – 2019. – Vol.129, №4. DOI:10.32523/2616-6844-2019-129-4-8-16
4. Кусманова А., Сейдуманов С. Внутренние миграции и формирование новых центров притяжения внутренних мигрантов в Казахстане//Казахстан спектр. – 2021. – Vol.1, № 97. DOI:10.52536/KS/vol_97_issue_1_A4
5. Khanam, M., Kanak Pervez, A.K.M., Armanul Haque, Md., Mostafizur Rahman, Md., Shahriar Kabir, Md. (2023). Bibliometric Analysis of Farmers' Rural – Urban Migration Based on the Scopus Platform. South Asian Journal of Social Studies and Economics, 20(3), 93 – 103. DOI: 10.9734/sajsse/2023/v20i3715
- 6.Ешпанова Д.Д., Биекенова Н.Ж. Молодежная миграция в Казахстане: проблемы и тенденции//Известия Национальной академии наук Республики Казахстан.Серия общественных и гуманитарных наук. – 2014. – Vol. 6, №298, С.125-130.
- 7.Pun, N. (2005). Made in China: Subject, power and resistance in a global workplace: Durham: Duke University Press. DOI:10.1215/9780822386759
- 8.Wong, D., Wong, F. K., He, X., Leung, G., Lau, Y., Chang, Y. (2008). Mental health of migrant workers in China: Prevalence and correlates. Social Psychiatry and Psychiatric Epidemiology, 43(6), 483– 489. DOI:10.1007/s00127-008-0341-1

9. Yessenova, S. (2010). *The Politics and Poetics of the Nation: Urban Narratives of Kazakh Identity*. Saarbrücken, LAP Lambert Academic Publications.

10. Panicciari, G. (2012). 'Almaty as a New Kazakh City: Kazakhisation of Urban Spaces after Independence', in Buttino, M. (ed.) *Changing Urban Landscapes: Eastern European and Post-Soviet Cities since 1989* (Roma, Viella).

11. Казиханова С.Н., Каленова Т.С. Қазақстандағы жастардың ішкі көші-қон мәселелері мен болашағы//Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы. – 2023. – Vol.83, №1, С.101 – 111. DOI:10.26577/jpcp.2023.v83.i1.10

12. Daly, M. (1988). *Women together against poverty: The experience of travelling women and settled women in the community*. Combat Poverty Agency.

13. Whelan, J. (2023). Hidden in statistics? On the lived experience of poverty. *Journal of Social Work Practice*, 37(2), 137–151. DOI:10.1080/02650533.2022.2097209

14. Greeff, A.P., Holtzkamp, J. (2007). The prevalence of resilience in migrant families. *Family Community Health*, 30, 189–200. DOI: 10.1097/01.FCH.0000277762.70031.44

15. Walsh, F. (1996). The concept of family resilience: Crisis and challenge. *Family Process*, 35, 261–281. DOI: 10.1111/j.1545-5300.1996.00261.x

16. Patterson, J. M. (1988). Families experiencing stress & the family adjustment and response model: Applying the FAAR model to health-related issues for intervention and research. *Family Systems Medicine*, 6, 202–237. DOI:10.1037/h0089739

17. Walsh, F. (2002). A family resilience framework: Innovative practice applications. *Family Relations*, 51, 130–137. DOI: 10.1111/j.1741-3729.2002.00130.x

18. Wen, Y., Hanley, J. (2015). Rural-to-Urban Migration, Family Resilience, and Policy Framework for Social Support in China. *Asian Social Work and Policy Review*, 9, 18–28. DOI: 10.1111/aswp.12042

19. Болат Ж., Мустафина А.С. Ауылдан қалаға қоныс аударған отбасыларға қатысты әлеуметтік саясат: құқық қорғаушылық аналитикалық тәсіл//ҚазҰУ Хабаршысы. Психология және социология сериясы. – 2023. – Vol.87, №4, С. 75-89. DOI: <https://doi.org/10.26577/JPsS.2023.v87.i4.08>

Ж.Б. Болат

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

СОЦИАЛЬНАЯ ПОДДЕРЖКА СЕМЕЙ В БЕДНОСТИ, МИГРИРУЮЩИХ СЕЛО-ГОРОД

Аннотация. Миграция из сельской местности в города из года в год набирает обороты. Многие семьи, мигрирующие село-город, находятся в бедности и остаются в ней после переезда. Несмотря на это, в стране нет социальной политики поддержки таких семей. Цель исследования – выявить проблемы, с которыми сталкиваются бедные семьи, мигрирующие из сельской местности в город, и как они их преодолевают. В углубленном интервью приняли участие 13 семей (8 нуклеарные и 5 расширенные, из них 3 монородительские). Согласно результатам исследования установлено, что бедные семьи, переселившиеся из села в город, прибегают к помощи неформальных сетей (родственников, друзей, работодателя, арендодателя, знакомых) в получении социальной поддержки и помощи. При этом они избегают обращения в формальные

источники поддержки. Основными причинами являются неинформированность и недоверие. Также уточнен опыт семей-мигрантов, подвергающихся стигматизации со стороны местных жителей в городских условиях. Доказано, что подавляющее большинство этих семей живут в условиях бытовых неудобств и нестабильности из-за финансовых трудностей. Для успешной интеграции и социальной поддержки семей-мигрантов необходима социальная политика поддержки.

Ключевые слова: сельско-городская миграция, бедная семья мигрантов, социальная поддержка.

Zh.B. Bolat

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

SOCIAL SUPPORT FOR FAMILIES IN POVERTY MIGRATING FROM RURAL TO URBAN AREAS

Abstract. Migration from rural areas to cities has been increasing year by year. Many families migrating from rural areas to cities live in poverty and remain in it after relocation. Despite this, the country lacks social policies to support such families. The aim of the research is to identify the problems faced by poor families migrating from rural areas to urban settings and how they overcome them. Thirteen families participated in in-depth interviews (8 nuclear families and 5 extended families, of which 3 were single-parent families). According to the study's findings, poor families that have moved from rural areas to cities rely on informal networks (relatives, friends, employers, landlords, acquaintances) for social support and assistance. At the same time, they avoid seeking help from formal sources of support. The main reasons are lack of information and distrust. The experience of migrant families facing stigmatization by local residents in urban settings has also been clarified. It has been proven that the overwhelming majority of these families live in conditions of domestic discomfort and instability due to financial difficulties. For successful integration and social support for migrant families, a social policy of support is needed.

Keywords: rural-urban migration, poor migrant families, social support.

References

1. Sarsembaeva G.A. Urbanization as the main migration trend in modern Kazakhstan. Bulletin of KazNPU named after Abai. Series: Historical and socio-political sciences, – Vol.1, – No.64. (2020). DOI:10.51889/2020-1.1728-5461.08. (in Russian)
2. Bureau of National Statistics, Agency of the Republic of Kazakhstan for Strategic Planning and reforms <https://stat.gov.kz/>.
3. Amerkhanova I.K., Maishekina E.S. Legal assessment of the problems of internal migration in the Republic of Kazakhstan. Bulletin of the L.N. Gumilev Eurasian National University. The Law Series, – Vol.129, – No.4. (2019). DOI:10.32523/2616-6844-2019-129-4-8-16. (in Russian)
4. Kusmanova A., Seidumanov S. Internal migration and the formation of new centers of attraction for internal migrants in Kazakhstan. Kazakhstan spectrum, – Vol.1, – No.97. (2021). DOI:10.52536/KS/vol_97_issue_1_A4. (in Russian)

5. Khanam, M., Kanak Pervez, A.K.M., Armanul Haque, Md., Mostafizur Rahman, Md., Shahriar Kabir, Md. (2023). Bibliometric Analysis of Farmers' Rural – Urban Migration Based on the Scopus Platform. *South Asian Journal of Social Studies and Economics*, 20(3), 93 – 103. DOI: 10.9734/sajsse/2023/v20i3715
6. Eshpanova D., Biekenova Zh. Youth migration in Kazakhstan: problems and trends. *Proceedings of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Social Sciences and Humanities Series*, – Vol.6, – No.298, pp.125 – 130. (2014). (in Russian)
7. Pun, N. (2005). *Made in China: Subject, power and resistance in a global workplace*: Durham: Duke University Press. DOI:10.1215/9780822386759
8. Wong, D., Wong, F. K., He, X., Leung, G., Lau, Y., Chang, Y. (2008). Mental health of migrant workers in China: Prevalence and correlates. *Social Psychiatry and Psychiatric Epidemiology*, 43(6), 483– 489. DOI:10.1007/s00127-008-0341-1
9. Yessenova, S. (2010). *The Politics and Poetics of the Nation: Urban Narratives of Kazakh Identity*. Saarbrücken, LAP Lambert Academic Publications.
10. Paniciari, G. (2012). 'Almaty as a New Kazakh City: Kazakhisation of Urban Spaces after Independence', in Buttino, M. (ed.) *Changing Urban Landscapes: Eastern European and Post-Soviet Cities since 1989* (Roma, Viella).
11. Kazikhanova S.N., Kalenova T.S. Problems and prospects of internal migration of young people in Kazakhstan. *Bulletin of KazNPU named after Abai. Series: Philosophy, madeniyettanu, sayasattanu series*, – Vol.83, – No.1, pp.101 – 111. (2023). DOI:10.26577/jpcp.2023.v83.i1.10.(in Russian)
12. Daly, M. (1988). *Women together against poverty: The experience of travelling women and settled women in the community*. Combat Poverty Agency.
13. Whelan, J. (2023). Hidden in statistics? On the lived experience of poverty. *Journal of Social Work Practice*, 37(2), 137–151. DOI:10.1080/02650533.2022.2097209
14. Greeff, A.P., Holtzkamp, J. (2007). The prevalence of resilience in migrant families. *Family Community Health*, 30, 189–200. DOI: 10.1097/01.FCH.0000277762.70031.44
15. Walsh, F. (1996). The concept of family resilience: Crisis and challenge. *Family Process*, 35, 261–281. DOI: 10.1111/j.1545-5300.1996.00261.x
16. Patterson, J. M. (1988). Families experiencing stress & the family adjustment and response model: Applying the FAAR model to health-related issues for intervention and research. *Family Systems Medicine*, 6, 202–237. DOI:10.1037/h0089739
17. Walsh, F. (2002). A family resilience framework: Innovative practice applications. *Family Relations*, 51, 130–137. DOI: 10.1111/j.1741-3729.2002.00130.x
18. Wen, Y., Hanley, J. (2015). Rural-to-Urban Migration, Family Resilience, and Policy Framework for Social Support in China. *Asian Social Work and Policy Review*, 9, 18–28. DOI: 10.1111/aswp.12042
19. Bolat Zh., Mustafina A.S. (2023). Social policy in relation to rural-urban migrating families: a human rights analytical approach. *Kaznu Bulletin. Psychology and sociology series*, – Vol.87, – No.4, pp. 75 – 89. (2023). DOI:https://doi.org/10.26577/JPsS.2023.v87.i4.08.(in Russian)

Автор туралы мәлімет

Болат Жансая Болатқызы – хат-хабар авторы, PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Сведения об авторах

Болат Жансая Болатқызы – автор для корреспонденции, PhD докторант, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Information about authors

Bolat Zhansaya – corresponding author, PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.